

1 2012

33233к

Анакөз
ОЛҚЫНҚЫЗЫ

Айтқым
келеді

А 2012/33233 к

Танакөз ТОЛҚЫНҚЫЗЫ



Айтқым
келеді


Profi MEDIA

Астана – 2011

УДК 821.512.122 – 1

~~ББК 84 Қаз 7 – 5~~

Т. 54




«Алтын Қыран» халықаралық
қайырымдылық қорының (Президенті Исламбек
Төлеубайұлы Салжанов) демеушілігімен
жарыққа шықты.

Т 18 Толқынқызы Танакөз
Айтқым келеді: Өлеңдер жинағы. – Астана:
Профи Медиа, 2011. – 144 бет.

ISBN 978-601-80208-5-8

Өлеңсүйер қауымға есімі белгілі ақын Танакөз Толқынқызының бұл кезекті жинағына кейін жазылған жаңа жырларымен қоса, әр жылдары жарық көріп, оқырманнан жоғары баға алып үлгерген өлеңдері және аудармалары енгізілді.



ISBN 978-601-80208-5-8

УДК 821.512.122 – 1

ББК 84 Қаз 7 – 5

© Т.Толқынқызы, 2011

© Профи Медиа, 2011

ӨЛЕНДЕР





* * *

Жүрегім – жүрегіңді бесік етті,
Бейтаныс өзегімді кешіп өтті.
Ақыры ақын болып кеттім мен де,
Өмірдің оған, айтшы, несі кетті?

Кеткен жоқ ештеңесі ешкімнің де,
Адасып келгенімді кеш білдім бе?
Мен кенет таудай болғым келіп кетті,
Содан соң саған қарап өстім күнде.

Тұратын тек биіктік тілеп қана,
Бұл таулар көк аспанға тірек қана.
Кеудемде ештеңе жоқ, бар болса егер,
Қазақ деп соғатұғын жүрек қана.

Өлеңге көңілімнің есі кетті,
Оралмай балалықтың көші кетті.
Жаралы жолбарыстай қалдым жалғыз,
Өмірдің оған, айтшы, несі кетті?

16.01.1999





* * *

Түннің де етегін түргің келеді,
Жұлдызды басып жүргің келеді.
Қажетсіз саған гүлдің дерегі,
Қайтейін, бірақ қарасам саған,
Қайтадан өмір сүргім келеді.

Тәкаппар тауды құшқың келеді,
Бұлт ернінен бал ішкің келеді.
Қажетсіз саған құстың дерегі,
Қайтейін, бірақ көрсем өзінді,
Қараптан-қарап ұшқым келеді.

21.11.2002






* * *


Қар дегенің бар болғаны сағыныш,
Көз жасымның мұздап қалған бейнесі.
Алып ұшқан көңілдегі сабылыс,
Қарға айналып кететіндей кейде осы.

Қар дегенің бар болғаны жұлдыздар,
Түнгі ызғардан тоңып қалған денесі.
Төбесіне тәж ғып киген тұл құздар,
Қар дегенің аппақ әлем елесі.

Қар дегенің үкісі ғой қиялдың,
Жерге қарай құлдилаған аспаннан.
Таптап соны жүргеніме ұялдым,
Есуастай махаббатқа мас болған.


Қар дегенің бар болғаны еркелік,
Алақанда ерісін деп жаратқан.
Қар да кейде кететіндей өртеніп,
Сезімдерден кірпік ілмей таң атқан.





Қар дегенің қырау шалған үміттің,
Күн түскенде шағылысқан сынығы.
Қар дегенің жүректегі бүліктің,
Қысылғанда айқай салған қылығы.

25.02.2002





* * *


Бөтен бір елге бұйрықпен кеткен елшідей,
Емі жоқ дерттен зәрезап болған емшідей.
Күнтізбе, сенен көзімді ала қашамын,
Өзіңсіз өткен күндерге көңілім көншімей.

Көтеріп жүрген кеудемде менің бір жүрек,
Бір жүрек, білсең, өзінді ойлап жүр жүдеп.
Құм болып неге барамын, айтшы, күн
сайын,
Тән емес еді таусылып тауға жүнжімек?!

Маңдайға жазып матаған мені пешенем,
Сытылып сенен қашпақшы болдым
кеше мен,
Көшеден сені көрсем бір деген күрең ой,
Сағыныш шоғын маздатып күнде көсеген.

Бүгін де қайттым қағазға толы кеңседен,
Еңсемді басқан ауыр бір ойдан теңселем.
Жылағым менің келеді газет бетінде,
Сыр бермес деген шыдамым
бәлкім кем сенен.





Бір күнде құны жоғалған қағаз ақшадай,
Мезгілі жетпей қуылған тақтан патшадай,
Есінді сенің жидыртпай есеңгіретіп,
Басыңнан кейде кетеді ұшып бақ солай.

Тағы да бір таң ұйқысыз атар сібірлеп,
Жүректің шоғын өшіре алар кім үрлеп?
Кеудемде менің қалғаны енді бір дұға,
Сен аман болсын, деп тілейді

Ылғи күбірлеп.





* * *

Ұмытып кеткен шығарсыз,
Жылытып басқа жүректі.

Сіз ұтып кеткен шығарсыз,
Білектен тартып бір епті.

Қаламымменен көктеймін,
Қанаты сынған құсымды.

Ұмытып неге кетпеймін,
Ұлытпай кеуде тұсымды?

Түбінде шыңнан құлар қыз,
Білді ме жерді құшарын.

Ұмытып кеткен шығармыз,
Бақтың да бастан ұшарын.

01.01.2002





* * *

Түн...
Қара сағат тықылы,
Тоңазытқыш дірілі,
Темекінің сөнген соңғы тұқылы,
Терезені жапқан перде дірілі.

Түн...
Қара шамның жарығы,
Аппақ қағаз үкілі,
Қаламымның сүйкей салған арыны,
Бұл – тағдырдың бұлтартпайтын үкімі.

Түн...
Қалғып кетті бек қала,
Сап тиылған сабылыс.
Ұнжырғамды түсіреді тек қана
Ұйықтатпайтын саған деген сағыныш.

Түн...
Салынбаған төсегім,
Сабылған ой сандалған.
Шын өмірге өлеңімде көшемін,
Жаным қажып жанжалдан.

Түн...
Абатурлы шамның солғын жарығы,
Ашпақ ару үкілі.
Қаламымның сүйкей салған арыны –
Бұл тағдырдың бұлтартпайтын үкімі.

01.01.2002





Айтқым келеді

Айтқым келеді:

Аспанды асыра мақтасаң да,
Таулардың күндемейтінін.
Сан ғасыр күнменен қақтасаң да,
Жартастың үндемейтінін.

Айтқым келеді:

Жерсің деп қанша жерлесен де,
Қара жер қайыспайтынын.
Қисайтамын деп терлесен де,
Болаттың майыспайтынын.

Айтқым келеді:

Қанатын тіпті қырқып алсаң да,
Қыранның кешірім сұрамайтынын.
Айыр тілдерін жұлқып алсаң да,
Жыланның жыламайтынын.

Айтқым келеді:

Жылауық деп оны дағтасаң да,
Бұлттардың миықтан күлетінін.
Көзге ілмей төбеден аттасаң да,
Ақынның өз құнын білетінін.

Айтқым келеді:

Аузыңды толтырып жұтқаныңменен,
Ауаның сезілмейтінін.

Жеті қат жер астына тыққаныңменен,
Шын өлең көз ілмейтінін.






* * *

Жүрегімді көр енді бар емдетіп,
Бүгінімнен ертеңге әрең жетіп.
Қаншалықты сағынсам, соншалықты,
Қорқам сені көруден зәрем кетіп.

Кенет кіріп келсең сен трамвайға,
Осынша тар көлікте сыйам қайда?
Көрмеген боп кетем бе, түсіп одан,
Көрсем деген қалады қиял қайда?

Жапа шегіп күнәһар сағыныштан,
Әрі өзі періште, әрі мыстан
сезіміммен мың мәрте салғыласып,
Қашам сосын өзімнен алып ұшқан.

Сені сүйген, іздеген мен емеспін,
Соны ойласам күлдей боп келеді өшкім.
Көзіндегі сиқырмен неге ойнадым,
Махаббатпен несіне ерегестім?



Сезіміме түскен сен ұрысың ба,
Тұрсың неге көңілдің бұрышында?
Уақыт өзі емдемей асқындырған,
Тырнағымның тағдырым тұр ұшында.

Жүрегімді көр енді ал емдетіп,
Бүгінімнен ертеңге әрең жетіп,
Қаншалықты сағынсам, соншалықты
Қорқам сені көруден зәрем кетіп.

20.01.2001





* * *

Ей, жырдағы жартыкеш жасандылық,
Өмір сүре бермексің қашанғылық?
Леп белгіні сындырып шығып кетпек,
Сау өлеңім көрсетіп масаң қылық.

Буыныңмен келмейді будандасқым
Шумағында шұбырған шудан қаштым.
Ұйқасуға тым шебер ұран сөздер,
Өлтіруге айналған у-дан қаштым.

Кіргізбеші, есіктен келсем налып,
Жасандылық өле ме, өлсем барып?
Жыласа да көзінен жас шықпайтын,
Өтірікші өксіктер кемсең қағып.

Мұңайған боп мүлгиді мұңсыз өлең,
Қайғырған боп қаңғиды құнсыз өлең.
Үнсіз өлең оқыған өзегімде
Қайда қашып барасың, мінсіз өлең?

Ойлап тапқан өздері нүктеменен,
Ойлап тұрсам бұл күні біткен өлең.
Балауыздай жылайтын жанған кезде,
Мұз боп жатыр бір сәуле күткен өлең.

29.10.2000





* * *

Трамвай да келмей қойды қырсығып,
Келгенменен тоқтап міне тұр сынып.
Көрмеген боп көріп тұрмын мен сені,
Көрмеген боп бір кіресің, бір шығып.

Суық болып кеткен неге күз тіптен,
Жылы сезім жоқ па, бәлкім, сіз күткен?
Бөтен болып кеткенбіз бе, біз мүлде,
Көрсем деген үміт қайда үздіккен?

Жапырақтар құлап жатыр сүйісіп,
Жер бетінде қалай жүрміз сыйысып?
Тұра қашып кететіндей үркеміз,
Жанарымыз қалса кенет түйісіп.

Кетіп қалмай неге тұрмын байланып,
Кетіп қалмай неге жүрсің айналып?
Жанұшыра іздетеді сені ылғи,
Жүрегіме жайғасқан мұң жайланып.

Көрсем-дағы көзім сізге тоймайды,
Бір жүрек бар
Тек сіз жайлы ойлайды.
Білмейсіз ғой...
Мүмкін, іштей білесіз,
Жек көруге сізді неге болмайды?

20.02.2001





Өмір

Ол бір гүл-тін өсетін тек жүректе,
Мен – бір мұңмын оянатын түнекте.
Мен келгенде жабылады қауызың,
Жүрегінде жүр-ау, сірә, бір өкпе?

Күдер үзген күрсінісім жасып мың,
Қыз өмірдің қызығынан қашыппын.
Ерегеске толы мынау тағдырда,
Сенен гөрі сол өкпеге ғашықпын.

Көңіліңе күз жазған ғой кілемін,
Жылағым кеп тұр ғой, неге күлемін?
Сүймеймін деп қасарысқан көзіңнен,
Шексіз ғашық екеніңді білемін.

Көзің неткен алдамшы еді өзіндей,
Шыққаныңды білем түнде көз ілмей.
Оқасы жоқ, опасы жоқ тірлікте,
Сезімімдей өте шығам сезілмей.

26.01.2000



* * *

Арамызда айтылмайтын мұң қалды,
Үнсіздікке батып кеткен түн қалды.
Мұңаюдан мұндар жүрек шындалды,
Өртенбеген сені көріп кім қалды?

Арамызда айтылмайтын сағыныш,
Өлеңінде жасар мүмкін жарылыс.
Қос қалада сенделеді сабылыс,
Шамаң келсе, өң мен түсті жарып ұш.

Арамызда айтылмайды ештеңе,
Таң атса да, күн еңкейген кеште де.
Бұл сапарға шыққаныңмен сескене,
Толқыныңнан құтылмайды еш кеме.

Арамызда айтылмайтын үнсіздік...
Қар бетіне ерімейтін гүл сыздық.
Құштарлықты жіберген соң құнсыз ғып,
Бізді неге жаратпады мұңсыз ғып?

Арамызда айтылмайтын тартылыс,
Үзік сөздер... қоштасуға талпыныс.
Қасіретті аспанымда қалқып ұш,
Жан-жары бар жапандағы, жалқы құс.

Секундтарға тәуелдіні көріп пе ең?
Өмір бізді ойлап тапты еріккен.
Мен де сендей заңдылықтан зеріккем,
Соның бәрі айтылмайды. ...неліктен?

19.03.2003

